 **Түйіспе** Windows құралдар тақтасы немесе жұмыс үстеліндегі HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын белгішесі арқылы HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын бастауға болады.

Windows құралдар тақтасынан: Бастау түймесін басып, меңзерді **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламалар, HP, Scanjet, HP Scanjet N6350** параметрлеріне апарып, **Сканер құралдарының қызметтік бағдарламасы** параметрін таңдаңыз.

Жұмыс үстеліндегі HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын белгішесінен:

1. HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын белгішесін екі рет басыңыз.
2. Сұралса, қалаған HP Scanjet N6350 сканерді бөлектеп, **ОК** түймесін басыңыз.

Желі параметрлері

Байланыс жылдамдығы және IP мекенжайы сияқты желі параметрлерін қарап шығу және орнату үшін сканердің басқару тақасындағы СҚД дисплейінде **Желі** мәзірін қолданыңыз.

- [Желі параметрлерін қарау](#)
- [Желіні реттеу түрін өзгерту](#)
- [Байланыс жылдамдығын орнату](#)
- [IP мекенжайын өзгерту](#)
- [Желінің әдепкі параметрлерін қалпына келтіру](#)

Желі параметрлерін қарау

Желі параметрлерін қарау үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. **Реттеу** (🔧) пәрменін таңдап, ▼ таңдау үшін **Төмен көрсеткі түймесін** қолданып, **ОК** түймесін басыңыз.
2. ▼ таңдау үшін **Төмен көрсеткі түймесін** қолданып, **ОК** түймесін басыңыз.
3. Келесі желі параметрлері арқылы айналдыру үшін ▲ және ▼ қолданыңыз.



Ескертпе Осы жерде желі параметрлерін өзгерту мүмкін емес.

Құралдар мәзірінде, HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын немесе енгізілген веб-серверде **Желіні реттеу** параметрін қолданып желі параметрлерін өзгертуге болады.

- **Күй:** Қосылған не Ажыратылған
- **Сериялық нөмір**
- **Автоматты:** Автоматты түрде желіні реттеу күйі (**Қосулы** не **Өшірулі**).
- **IP мекенжайы**
- **Желі маскасы**
- **Шлюз**
- **Байланыс жылдамдығы:** Автоматты, 10–толық, 10–жартылай, 100–толық, 100–жартылай
- **Түрі:** DHCP немесе Статикалық
- **Хост аты**

Бөлімдерді де қараңыз

- “HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын” бетте 24
- “Желі параметрлері” бетте 24
- “Енгізілген веб-сервер” бетте 27

Желіні реттеу түрін өзгерту

Сканерге арналған желіні реттеу түрін өзгерту үшін басқару тақтасының СКД дисплейіндегі **Желі** мәзірінде **Желіні реттеу** мәзірін қолданыңыз.



Түйіспе Мысалы, IP мекенжайының статикалық болып қалғанын растауды қаласаңыз, **Автоматты** параметрін **Өшірулі** деп орнатып, **IP мекенжайы** өрісінде IP мекенжайын көрсетіңіз.

1. **Желіні реттеу** мәзірінен **Автоматты** параметрін таңдау үшін ▼ қолданып, **ОК** түймесін басыңыз.
2. **Қосулы** немесе **Өшірулі** параметрін таңдау үшін ▼ пайдаланып, **ОК** түймесін басыңыз.



Ескертпе **Автоматты** параметрін **Өшірулі** деп орнату екі қосымша желі параметрін қосады: **Байланыс жылдамдығын орнату** және **IP мекенжайы**.

Бөлімдерді де қараңыз

- “Байланыс жылдамдығын орнату” бетте 26
- “IP мекенжайын өзгерту” бетте 26


Байланыс жылдамдығын орнату

Желіге қосылған сканер үшін байланыс жылдамдығын өзгерту үшін басқару тақтасының СҚД дисплейіндегі **Желі** мәзірінде **Байланыс жылдамдығын орнату** мәзірін қолданыңыз.


1. **Желіні реттеу** мәзірінен **Байланыс жылдамдығын орнату** параметрін таңдау үшін ▼ қолданып, **ОК** түймесін басыңыз.
2. Байланыс жылдамдығын (**Автоматты** (әдепкі), **10–толық**, **10–жартылай**, **100–толық**, **100–жартылай**) таңдау үшін ▼ қолданып, **ОК** түймесін басыңыз.

IP мекенжайын өзгерту

Желіге қосылған сканер үшін IP мекенжайын өзгерту үшін басқару тақтасының СҚД дисплейіндегі **Желі** мәзірінде **IP мекенжайы** мәзірін қолданыңыз.

 **Ескертпе** IP мекенжайына өзгерістер сканерге қол жеткізетін компьютерлерге автоматты түрде таратылады.


1. **Желіні реттеу** мәзірінен **IP мекенжайы** параметрін таңдау үшін ▼ қолданып, **ОК** түймесін басыңыз.
2. IP мекенжайы өзгертілетін жолды таңдау үшін ▼ қолданыңыз.
 - Жүйенің IP мекенжайын автоматты түрде өзгертуін қаласаңыз, **Автоматты** параметрін таңдаңыз.
 - Жаңа IP мекенжайын, ішкі желі маскасын немесе шлюзді қолмен енгізуді қаласаңыз, **Қолмен** параметрін таңдаңыз.
3. **ОК** түймесін басыңыз.
Автоматты параметрі таңдалса, IP мекенжайының өзгертілуін растау үшін қайтадан **ОК** түймесін басыңыз.
Қолмен параметрін таңдасаңыз, келесі қадамдарды орындаңыз:

 **Ескертпе** Келесілердің кез келгені үшін жаңа мәндерді енгізбей **ОК** түймесін бассаңыз, түпнұсқа мәндер алынады.

- a. IP мекенжайын енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.
- b. Жаңа ішкі желі маскасының мәнін енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.
- c. Жаңа шлюз мәнін енгізіп, **ОК** түймесін басыңыз.
- d. **Өзгертулер сақталсын ба?** ескертуіне **ОК** түймесін басыңыз.

Желінің әдепкі параметрлерін қалпына келтіру


Желі параметрлерін әдепкі параметрлеріне қалпына келтіру үшін басқару тақтасының СҚД дисплейінің **Желі** мәзірінде **Желінің әдепкі параметрлерін қалпына келтіру** мәзірін қолданыңыз.

 **Ескертпе** Қалпына келтірілген әдепкі параметрлер сканерге қол жеткізілетін компьютерлерге автоматты түрде тасымалданады.

1. **Желіні реттеу** мәзірінен **Желінің әдепкі параметрлерін қалпына келтіру** параметрін таңдау үшін ▼ қолданып, **ОК** түймесін басыңыз.
2. Желінің әдепкі параметрлерін қалпына келтіру үшін қайтадан **ОК** түймесін басып, ағымдағы параметрлерді алу үшін кез келген басқа түймені басыңыз.

Енгiзiлген веб-сервер

HP Scanjet N6350 сканерi желiге қосылған кезде, күй туралы ақпаратты көру, параметрлердi өзгерту және сканердi компьютерден басқару үшін принтердiң енгiзiлген веб-серверiн пайдалануға болады.

 **Ескертпе** Кейбiр енгiзiлген веб-сервер параметрлерi тек қана желi әкiмшiлерi үшін қол жетiмдi болады және кейбiр параметрлер құпия сөздi талап етедi.

Интернетке қосылмай енгiзiлген веб-сервердi қолдануға болады; дегенмен, кейбiр мүмкiндiктер қол жетiмдi болмайды.


Осы бөлiмде келесi тақырыптар бар:

- [Енгiзiлген веб-сервер талаптары](#)
- [Енгiзiлген веб-сервердi бастау](#)
- [Енгiзiлген веб-сервер параметрлерi](#)

Енгiзiлген веб-сервер талаптары


Желi ортасы енгiзiлген веб-сервердi қолдану үшін келесi талаптарға сәйкес болу керек.

- TCP/IP-негiзделген желi.
- Microsoft Internet Explorer 5.0 не жоғарырақ немесе Mozilla Firefox 2.0 не жоғарырақ бағдарлама басты компьютерде орнатылған.
- Ethernet қосылымы.
- Интернет қосылымы енгiзiлген веб-серверден қолдауға қол жеткiзу үшін талап етiледi.
- Компьютерiңiз ашу, қосылу және құрылғыдан сканерлеу үшін HP Scanjet N6350 сияқты бiрдей iшкi желiде болу керек.

 **Ескертпе** Сол компьютерден құрылғының IP мекенжайына қол жеткiзуге болатындай желiдегi кез келген компьютерден HP Scanjet N6350 құралын басқару үшін енгiзiлген веб-сервердi қолдануға болады.

Енгiзiлген веб-сервердi бастау

Компьютердегi қолдау көрсетiлетiн веб-шолғышта HP Scanjet N6350 тағайындалған IP мекенжайын енгiзiңiз және **Enter** пернесiн басыңыз.

 **Түйiспе** Құрылғының IP мекенжайы қоршаған ортаға байланысты статикалық болмауы мүмкiн. Құрылғыға арналған IP мекенжайын табу үшін басқару тақтасындағы СҚД-дiң **Желi** мәзiрiнде **Қарау параметрлерi** дисплейiн қолданыңыз.

Енгiзiлген веб-сервердi ашқаннан кейiн оны келешекте жылдам қайтаруға болатындай оның бетбелгiсiн жасауға болады.

Бөлiмдердi де қараңыз

- “Желi параметрлерiн қарау” бетте 25
- “Енгiзiлген веб-сервер параметрлерi” бетте 28

Енгізілген веб-сервер параметрлері

Енгізілген веб-сервер өнім туралы мәліметтерді қарау және құрылғы параметрлерін өзгерту үшін қолданылатын, нұқылатын қойындыларды қамтиды.

Қойындылар	Сипаттама
Ақпарат	<p>Құрылғы туралы келесі мәліметтерді көрсетеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Құрылғы туралы мәліметтер • Желі ақпараты • Күй • Пайдалану
Параметрлер	<p>Құрылғы үшін теңшелген параметрлерді көрсетеді және осы параметрлерді өзгерту мүмкіндігін береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қауіпсіздік • Қорларды қадағалау • Тіл • Қуат параметрлері • Құрылғы қызметтері
Желіде	<p>Желі күйін көрсетеді және құрылғы үшін теңшелген желі параметрлерін өзгертуге мүмкіндік береді.</p> <p>Ескертпе Желі беттері тек қана құрылғы желіге қосылған кезде көрсетіледі.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Құрылғының хост атауы • Сымды (802.3) интерфейс • Қосымша параметрлер (сілтеме параметрлері, IP мекенжайының көзі) • HTTPS

3 Пайдалы сканерлеу мүмкіндіктері


Тәжірибелі құжатты басқару кәсіби мамандары келесі сканерлеу мүмкіндіктеріне қызығушылық танытуы мүмкін. Осы мүмкіндіктердің көбі сканерлеу параметрлерін өзгертуге мүмкіндік беретін кез келген ISIS- немесе TWAIN-үйлесімді құжатты сканерлеу бағдарламалық құралынан қол жетімді болады.

- Сканерлеу таңбашаларымен жұмыс істеу
- Альбомдық беттерді автоматты түрде бұру
- Бос беттерді автоматты түрде жою
- Сканерленген суреттерді автоматты түрде түзету
- Құжаттан түсті сүзіңіз (түс каналын іздеу)
- Қарап шықпай сканерлеу

Сканерлеу таңбашаларымен жұмыс істеу

Сканерлеу таңбашалары жүйелі түрде орындалатын тапсырмалар үшін сканерлеу параметрлерінің жинағын сақтау жолын береді.

Сканерлеу таңбашаларын **HP сканерлеуі** таңбашалар тілқатысу терезесінде жасауға, жоюға және өзгертуге болады. HP сканерлеуі құралын қолданып жатсаңыз, сканерлеу таңбашасымен үшінші тарап бағдарламалық құралын тағайындауға болады. Сканерлеу таңбашаларын қолдану және басқару туралы қосымша ақпаратты сканердің бағдарламалық құрал анықтамасынан қараңыз.


 **Ескертпе** Таңбашалары қол жетімді болуын қалайтын әрбір желі сканері үшін сканерлеу таңбашаларын жүктеу қажет.

Альбомдық беттерді автоматты түрде бұру

Әдепкі бойынша құжатты автоматты түрде беру құралы арқылы салынған немесе сканер әйнегіне қойылған құжат беттері түпнұсқалар сияқты бірдей бағдарда сканерлеу шығысында көрінеді. Сканер альбомдық бағдар түпнұсқалары үшін кітаптық бағдарды алу үшін сканерлеу деректерін бұра алады.

Альбомдық құжат түпнұсқаларының кітаптық бағдарын қосу үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Жұмыс үстеліндегі **HP сканерлеуі** белгішесін екі рет нұқып, **Параметрлер** мәзірінде **Сканерлеу басымдықтары** параметрін таңдаңыз.
2. **Сканерлеу басымдықтары** тілқатысу терезесінің **Құжат** қойындысында **Альбомдық беттерді автоматты түрде бұру** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

 **Ескертпе** Басқа сканерлеу бағдарламалық құралында беттерді бұру параметрлері ISIS немесе TWAIN **Қосымша параметрлері** тілқатысу терезесінің **Орналасу** қойындысында болады.

Бос беттерді автоматты түрде жою

Құжатты автоматты түрде беру құралынан бос беттерді автоматты түрде алып тастау үшін сканерлеу басымдықтарын орнату мақсатында осы қадамдарды орындаңыз:

1. Жұмыс үстелінде **HP сканерлеуі** белгішесін екі рет нұқып, құжатты сканерлеу таңбашасын таңдаңыз да, **Параметрлерді өзгерту...** түймесін басып, сканерлеу түрі ретінде **Сканерлеу таңбаша параметрлері** тармағының астында **Құжат (әйнек не беру құралы)** параметрін таңдаңыз да, **Қосымша құжат параметрлері...** тармағын таңдаңыз.
2. **Қосымша құжат параметрлері** тілқатысу терезесінде **Бос беттерді автоматты түрде жою (беру құралынан)** параметрін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.
3. **Таңбашаны сақтау...** түймесін басып, әдепкі таңбаша атын қабылдаңыз немесе жаңа таңбаша атын енгізіңіз және одан кейін жаңа сканерлеу таңбашасы ретінде мұны сақтау үшін **Сақтау** түймесін басыңыз.

Сканерленген суреттерді автоматты түрде түзету

Құжатты автоматты түрде беру құралы арқылы салынған немесе сканер әйнегіне қойылған элементтерді сканер әйнегімен туралауға болмайды. Бағдарламалық құрал жылжытылған элементтерді автоматты түрде жоя алады және шығыс суретінде 20 градусқа жылжытылған беттерді түзете алады.

Сканерленетін нәтижені автоматты түрде түзету үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. Жұмыс үстелінде **HP сканерлеуі** белгішесін екі рет нұқып, құжатты сканерлеу таңбашасын таңдаңыз да, **Параметрлер** мәзірінде **Сканерлеу басымдықтарын** таңдаңыз.
2. **Сканерлеу басымдықтары** тілқатысу терезесінің **Құжат** қойындысында **Сканерленген суреттерді автоматты түрде түзету** параметрін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.
3. **Таңбашаны сақтау...** түймесін басып, әдепкі таңбаша атын қабылдаңыз немесе жаңа таңбаша атын енгізіңіз және одан кейін жаңа сканерлеу таңбашасы ретінде мұны сақтау үшін **Сақтау** түймесін басыңыз.

Құжаттан түсті сүзіңіз (түс каналын іздеу)

Сканерленетін файл өлшемін азайтатын және оптикалық таңбаларды тану нәтижелерін жетілдіретін сканерден түс каналын (қызыл, жасыл не көк) сүзуге болады.

Сканерленген суретті азайту үшін түс каналын таңдау мақсатында осы қадамдарды орындаңыз:

1. Жұмыс үстелінде **HP сканерлеуі** белгішесін екі рет нұқып, сканерлеуді бастаңыз.
2. **Ақырғы суреттер** аймағында реттелетін нобайды таңдаңыз.

3. **HP сканерлеу** алдын ала қарау тізімінде **Нәтиже түрі** тармағының астында **Ақ және қара** деп таңдаңыз.
4. Сурет құралдар тақтасында **Қара және ақ түсте реттеу** түймесін басып, өшірілетін түсті таңдап, **Дайын** тармағын таңдаңыз.

Түстерді алып тастау бойынша қосымша мәліметтерді сканер бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

Қарап шықпай сканерлеу

Пайдаланушының ең аз қатысуымен сканерлеу үшін әрқашан сканердің басқару тақтасында **Сканерлеу** (🖨️) түймесін қолданып сканерлеуді бастаңыз.

Сканерлеу (🖨️) түймесінен сканерлеген кезде сканерлеуді алдын ала қарау көрсетілген болса, келесі қадамдарды аяқтаңыз:

1. HP сканерлеуі бағдарламалық құралын бастау үшін жұмыс үстелінде HP сканерлеуі белгішесін екі рет нұқыңыз.
2. **HP сканерлеуі** таңбашалар тілқатысу терезесінде **Параметрлер** мәзірін таңдап, **Түйме параметрлерін** таңдаңыз.
3. **Алдыңғы тақтаны сканерлеу түймесінің параметрлері** қойындысын нұқып, **Алдын ала қарау сканерлеуін көрсету** құсбелгісін алып тастаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

4 Күтім көрсету және жөндеу

Бұл бөлім сканерге күтім көрсету және жөндеу жолы туралы мәліметтерді береді.

- [Сканер әйнегін тазартыңыз.](#)
- [Мөлдір заттарды бейімдегішті тазалау](#)
- [Құжатты автоматты түрде беру құралын тазарту](#)
- [HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын сканердің күтім бойынша мәліметтері](#)
- [Беру шығыршығы мен бөлгіш тіректі ауыстыру](#)
- [Жөндеу және сканерлеу жабдықтарына тапсырыс беру](#)

Сканерді кездейсоқ тазалау жоғары сапалы сканерлеуді қамтамасыз етуге көмектеседі. Күтімнің қажетті мөлшері пайдалану және қоршаған орта көлемін қамтитын бірнеше факторларға байланысты болады. Қажет кезде айналмалы тазалауды орындау қажет.

Жүйелі тазалау және күтім көрсету құжатты автоматты түрде беру құралын, сканер әйнегін және мөлдір заттарды бейімдегішті тазалауды қамту қажет.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ Сканерге ұшты бұрыштарды, қағаз қапсырмаларын, қысқыштарды, ылғал желімді, түзету сұйықтығын немесе басқа заттарды салмаңыз. Құжат беттері шиыршықталмаған, майыспаған немесе бір-біріне жабыспаған болу керек.

Сканер әйнегін тазартыңыз.

Келесі жағдайларда сканер әйнегін тазалаңыз:

- Жолақтар, таңбалар немесе дақтар суреттерде көрінеді.
- Шаң немесе лас құжатты сканерлегеннен кейін.
- Қоршаған орта шаң.

Сканер әйнегін тазалау үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. Сканерді өшіріп, USB немесе Ethernet кабелін және қуат кабелін сканерден ажыратыңыз.
2. Сканер қақпағын ашыңыз.

3. Жұмсақ әйнекті тазартқышпен дымқылданған жұмсақ, мамықсыз матаны қолдану арқылы әйнекті тазалаңыз және құрғақ, жұмсақ, мамықсыз матамен құрғатып сүртіңіз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ Сканер әйнегін тазарту үшін тек қана әйнекті тазартқышты қолданыңыз. Сканер әйнегіне зақым келтіруі мүмкін қырғыштары, ацетон, жанармай, көміртек тетрахлориді бар тазартқыштарды қолданбаңыз. Әйнекте жолақтар қалдыруы мүмкін изопропил спиртін қолданбаңыз.

Әйнекті тазартқышты әйнекке тікелей шашпаңыз. Егер тым көп тазартқыш қолданылса, тазартқыш әйнектің астына өтіп, сканерді зақымдауы мүмкін.

4. Аяқтаған кезде, USB немесе Ethernet кабелі мен қуат кабелін сканерге қайта қосыңыз.

📖 Ескертпе Әйнектің жоғары бетін тазаласаңыз, әйнектен барлық ласты және кірді кетіре алмасаңыз, әйнектің астын да тазалауға болады. Әйнектің астын тазалау сканерді бөлшектеуді қажет етеді. Сканер әйнегінің астын тазалау жолы бойынша нұсқаларды www.hp.com/support торабынан қараңыз.

Мөлдір заттарды бейімдегішті тазалау

Мөлдір заттарды бейімдегішті құрғақ, жұмсақ матамен тазалаңыз. Қажет болса, матаға әйнекті тазалау құралын аздап шашып, мөлдір заттарды бейімдегішті сүртіңіз.

Құжатты автоматты түрде беру құралын тазарту

Құжатты автоматты түрде беру құралы ол туралы берілетін қағаз түріне және қолдану мөлшеріне байланысты жүйелі күтімді талап етеді. Құжатты автоматты түрде беру құралын келесі жағдайларда тазалаңыз:

- Құжатты беру құралының шығыршықтары көрнекі түрде лас.
- Құжатты беру құралында құжаттарды беру қатесі бар.
- Құжатты беру құралы арқылы сканерленген суреттерде тік жолақтар бар.
- Лас, шаң немесе қаламмен жазылған құжатты беру құралы арқылы құжатты сканерлегеннен кейін.
- Қоршаған орта шаң.

Құжатты беру құралы аптасына бірнеше рет қолдансаңыз, ай сайынғы тазалау ұсынылады. Сканер үшін сәйкес болатын тазалау айналымын реттеңіз.

📖 Ескертпе Құжатты автоматты түрде беру құралы өнімділікті жетілдірмейтін болса, беру шығыршығын ауыстыру қажет болуы мүмкін. Шығыршықты ауыстыру жинағына тапсырыс беру үшін www.hp.com/buy/parts торабын қараңыз.

Құжатты автоматты түрде беру құралын тазалау үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Сканерді өшіріп, USB немесе Ethernet кабелін және қуат кабелін сканерден ажыратыңыз.
2. Сканер қақпағын ашыңыз.



3. Сканер қақпағының ішіндегі ақ жолақты және сканер жүктеуіндегі сканерлеу жолағын тазалаңыз. Таза, дымқыл, мамықсыз матамен осы элементтерді сүртіңіз.



4. Құжатты автоматты түрде беру құралының кіріс есігін (1) және құжатты беру құралының ішіндегі шығыршық қақпағын (2) ашыңыз.



5. Құжатты беру құралының шығыршықтарын таза, дымқыл, мамықсыз матамен сүртіңіз.






6. Шығыршықтардың құрғауын бірнеше минут күтіп, құжатты беру құралының шығыршық қақпағын және кіріс есігін жабыңыз.
7. USB немесе Ethernet кабелі мен қуат кабелін сканерге қайта қосыңыз.

HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын сканердің күтім бойынша мәліметтері

HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын параметрінің **Жөндеу** қойындысы сканерді қолдану және күтім көрсету тарихын көрсетеді. Құжатты беру құралының шығыршықтары мен бөлгіш тіректі ауыстыруды жазу үшін осы қойындыны қолдануға болады. Бұл қызметтік бағдарлама соңғы ауыстырудан бергі құжатты беру құралы арқылы берілген беттердің санын қадағалайды және беру шығыршығын және бөлгіш тіректі ауыстыру қажет уақыт туралы ескертеді.

Жөндеу қойындысын қарау үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Windows құралдар тақтасында **Бастау** түймесін басып, меңзерді **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламалар, HP, Scanjet, HP Scanjet N6350** параметрлеріне апарып, **Сканер құралдарының қызметтік бағдарламасы** параметрін таңдаңыз.
2. **HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын** тілқатысу терезесінде **Жөндеу** қойындысын нұқыңыз.

 **Түйіспе** Сканердің басқару тақтасынан HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын бастауға да болады. **Реттеу**  түймесін басып,  бөлектелген **Төмен көрсеткі түймесін** басыңыз да, **OK** түймесін басыңыз. Сұралса, компьютер атын таңдаңыз да, қажет болса, PIN кодты енгізіңіз.

HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын пайдалану туралы толық деректерді HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын анықтамасынан қараңыз.


Беру шығыршығы мен бөлгіш тіректі ауыстыру

Келесі жағдайлардың бірі туындаса, беру шығыршығы мен бөлгіш тіректі ауыстырыңыз:

- Сканерленген беттердегі жолақтар немесе қағаз кептелістері жиі туындаса және құжатты автоматты түрде беру құралын тазалау көмектеспесе.
- HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын **Жөндеу** қойындысы жөндеу қажет мерзімді көрсетеді.

Беру шығыршықтан ауыстыру жинағы беру шығыршығын, бөлгіш тіректі және орнату нұсқауларын қамтиды. Ауыстыру жинақтарына тапсырыс алу үшін, www.hp.com/support торабына өтіңіз.

Беру шығыршығын және бөлгіш тіректі ауыстыру үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Сканерді өшіріп, USB немесе Ethernet кабелін және қуат кабелін сканерден ажыратыңыз.
2. Құжатты беру құралының кіріс есігі мен шығыршық қақпағын ашып, ауыстыру жинағында қамтылған орнату нұсқауларында сипатталған беру шығыршығы мен бөлгіш тіректі ауыстырыңыз.
3. Шығыршық қақпағы мен құжатты беру құралының кіріс есігін жауып, USB немесе Ethernet кабелі мен қуат кабелін сканерге қайта қосыңыз.
4. Сканерді қосып, сканерді жөндеу тарихын жаңартыңыз:
 - a. HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын ашу үшін сканердің басқару тақтасындағы **Реттеу**  түймесін басыңыз. Сұралса, компьютер атын таңдаңыз да, қажет болса, PIN кодты енгізіңіз. **Жөндеу** қойындысын басыңыз.
 - b. **Беру шығыршығы мен бөлгіш тіректі жөндеу** аймағында **Ауыстыруды жазу** параметрін таңдап, **Иә** түймесін басыңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын анықтамасын қараңыз.

Жөндеу және сканерлеу жабдықтарына тапсырыс беру

Жөндеу бөліктерін желідегі www.hp.com/buy/parts сканерді қолдау веб-торабынан немесе жергілікті HP сатушысынан сатып алуға болады.

5 Ақауларды жою

Бұл бөлім сканердің, құжатты автоматты түрде беру құралының және мөлдір заттарды бейімдегіштің жалпы ақауларына арналған шешімдерді қамтиды.

- [Негізгі ақаулықтарды жою бойынша кеңестер](#)
- [Сканердің ЖШД-тары](#)
- [Сканерді орнату ақауларын жою](#)
- [Сканерді баптау немесе аппараттық құрал ақаулары](#)
- [Сканер жұмысының ақаулары](#)
- [Сканер түймесінің мәселелері](#)
- [Құжатты автоматты түрде жүктеу құралының ақаулары](#)
- [Слайдтар, негативтер және МЗБ мәселелері](#)
- [Желі ақаулары](#)
- [Қосымша ақауларды жою ақпараты](#)

Қосымша ақауларды жою туралы мәліметтерді қолданыстағы сканерлеу бағдарламалық құралына арналған желідегі анықтамадан немесе сканер туралы жаңартылған мәліметтер үшін www.hp.com/support торабын қараңыз.

Негізгі ақаулықтарды жою бойынша кеңестер

Сканер әйнегіндегі лас сияқты қарапайым мәселелер немесе бос кабельдер сканердің жағылған нәтижелерді шығаруына, күтпеген мәнерде жұмыс істеуіне немесе тіптен жұмыс істемеуіне себеп болуы мүмкін. Сканерлеу ақаулары туындаса, әрқашан келесі мәселелерді тексеріңіз.

- Сканерленген нәтиже жағылған болса, сканер әйнегінің немесе МЗБ құралының лас не кір еместігін тексеріңіз. Осылай болса, әйнекті немесе МЗД құралын тазалаңыз.
- Оптикалық таңбаларды тану таңбашасын қолданып құжатты сканерлеген кезде, түпнұсқа құжаттың тазалығын және сканерлеу үшін жеткілікті жаңа болуын тексеріңіз.
- МЗД/құжатты автоматты түрде беру құралы, USB немесе Ethernet және қуат кабельдерінің сканердің артқы жағындағы сәйкес қосқыштарға дұрыс салынғанын және қуат сымының жұмыс істейтін электр розеткасына жалғанғанын тексеріңіз.
- Сканерді компьютерге USB хабы немесе компьютердің алдындағы USB порты арқылы қосқан болсаңыз, сканерді ажыратып, оны компьютердің артқы жағындағы USB портына қайта жалғаңыз.
- Сканердің компьютерге USB кабелі және желіге Ethernet кабелі арқылы қосылмағанын тексеріңіз. Сканер екі бірдей кабельдермен қосылған болса, USB қосылымы Ethernet (желі) қосылымын ажыратады.
- Сканерді желіге қосылған болса, Ethernet кабелін желіден ажыратып, оны басқа желі қосылымына қосыңыз (мысалы, желі жол жоспарлағышындағы басқа портқа). Бұл жұмыс істемесе, жол жоспарлағышын қайта іске қосыңыз.
- Сканерді өшіріп, 60 секунд күтіңіз де, сканерді қосыңыз.
- Компьютерді қайта іске қосыңыз.






Мәселелердің туындауы жалғасса, HP сканерлеу бағдарламалық құралының, микробағдарламаның немесе байланыстырылған драйверлердің мерзімі аяқталған немесе бүлінген болуы мүмкін. Сканерге арналған бағдарламалық құрал, микробағдарлама және драйвер жаңартуларын табу үшін, www.hp.com/support торабын қараңыз.

Бөлімдерді де қараңыз

- “Күтім көрсету және жөндеу” бетте 32
- “Сканерді қайта орнату” бетте 43
- “Сканерде қуат болуын тексеру” бетте 43
- “Кабельдерді тексеру” бетте 40
- “USB немесе Ethernet қосылымын тексеру” бетте 42

Сканердің ЖШД-тары

Сканерде сканер функциялары мен қате жағдайларын көрсететін алдыңғы тақтада екі жарық шығарғыш диод бар. Леп белгісі пішіміндегі ЖШД (!) — «Назар аударыңыз» жарық шығарғыш диоды және Қуат түймесіндегі ЖШД — қуаттың ЖШД. Төмендегі кесте көрсеткіштің ЖШД-тарын түсіндіру жолын сипаттайды.

<p>! «Назар аударыңыз» жарық шығарғыш диоды кәріптас түсте жылдам жыпылықтайды.</p>	<p> Қуаттың ЖШД тұрақты жасыл шамымен жанып тұрады.</p>	<p>Қате жағдайы. Сканердің СҚД дисплейінде қате хабары жоқтығын тексеріңіз.</p>
<p>! «Назар аударыңыз» жарық шығарғыш диоды тұрақты кәріптас шамымен жанып тұрады.</p>	<p> Қуаттың ЖШД тұрақты жасыл шамымен жанып тұрады.</p>	<p>Күрделі қате жағдайы. Сканердің СҚД дисплейі сканерді өшіріп, оны 60 секундтан кейін қосу қажеттігін көрсетеді.</p>
	<p> Қуаттың ЖШД ақырын жасыл түсте жыпылықтайды.</p>	<p>Сканер қыздырылады немесе түпнұсқаны сканерлейді.</p>
	<p> Қуаттың ЖШД тұрақты, күңгірт жасыл шамымен жанып тұрады.</p>	<p>Сканер ұйқы күйінде.</p>
	<p> Қуаттың ЖШД тұрақты жасыл шамымен жанып тұрады.</p>	<p>Сканер қосулы және сканерлеуге дайын.</p>
<p>Екі ЖШД та өшірулі.</p>		<p>Сканерде қуат жоқ.</p>

Сканерді орнату ақауларын жою

Бұл бөлім орнату және теңшеу ақауларына арналған шешімдерді қамтиды.

- [Кабельдерді тексеру](#)
- [Бағдарламалық құралды жою және қайта орнату](#)
- [Сканермен бірге жеткізілген үшінші тарап қолданбаларын орнату ақаулары](#)

Кабельдерді тексеру

Кабель түрі	Әрекет
Қуат кабелі	<p>Қуат кабелі сканер мен қуат розеткасы арасында қосылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қуат кабелінің сканер мен жұмыс істеп тұрған электр розеткасы немесе ток күшінің артуынан қорғайтын құрал арасында қауіпсіз қосылғанын тексеріңіз. • Қуат кабелі ток күшінің артуынан қорғайтын құралға қосылған болса, ток күшінің артуынан қорғайтын құралдың розеткаға жалғанғанын және қосылғанын тексеріңіз. • Сканер қуатын қосқышты өшіріңіз және компьютерді өшіріңіз. 60 секундтан кейін сканерді кері қосып, одан кейін компьютерді сол тәртіппен қосыңыз.
USB кабелі	<p>USB кабелі сканер мен компьютер арасында қосылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сканер желіде болса, сканердің де компьютерге USB кабелімен қосылмағанын тексеріңіз. • Сканермен бірге берілген кабельді қолданыңыз. Басқа USB кабелі сканермен үйлесімді болмауы мүмкін. • USB кабелі сканер мен компьютер арасында қауіпсіз қосылғанын тексеріңіз. • USB кабелі компьютердің алдындағы USB портқа қосылған болса, оны компьютердің артқы жағындағы USB портқа жылжытыңыз. <p>Қосымша USB ақаулары бойынша мәліметтерді www.hp.com/support торабынан қараңыз, елді/аймақты таңдаңыз да, одан кейін USB ақауларын жою тақырыптарын табу үшін іздеу құралын қолданыңыз.</p>
Ethernet кабелі	<p>Сканер желіде болса, Ethernet кабелі сканер мен желі арасында қосылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сканердің де компьютерге USB кабелімен қосылмағанын тексеріңіз. • Сканермен бірге берілген Ethernet кабелін қолданыңыз. Басқа Ethernet кабелі сканермен үйлесімді болмауы мүмкін. • Ethernet кабелінің сканер мен желі жол жоспарлағышы, Ethernet ұясы немесе Ethernet қосқышы арасында қауіпсіз қосылуын қамтамасыз етіңіз. <p>Қосымша Ethernet ақаулары бойынша мәліметтерді www.hp.com/support торабынан қараңыз, елді/аймақты таңдаңыз да, одан кейін Ethernet немесе желі ақауларын жою тақырыптарын табу үшін іздеу құралын қолданыңыз.</p>

(жалғасы)

Кабель түрі	Әрекет
МЗД/құжатты автоматты түрде беру құралының кабелі	МЗД/құжатты автоматты түрде беру құралының кабелі сканер қақпағы мен сканер негізі арасында қосылған. Кабельдің сканердің артқы жағына қауіпсіз қосылуын қамтамасыз етіңіз.

Бағдарламалық құралды жою және қайта орнату

Бағдарламалық құралды толық орнатпау сканердің танылмауын немесе бағдарламалық құралдың дұрыс іске қосылмауын туғызуы мүмкін. HP сканерлеу бағдарламалық құралын жойып, қайта орнатып көріңіз. HP сканерлеу бағдарламалық құралын қайта орнату үшін, сізде HP сканерлеу бағдарламалық құралының ықшам дискі болу керек.

Бағдарламалық құралды жою және қайта орнату үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. **Бастау** түймесін басып, **Параметрлер** тармағын таңдап, **Басқару тақтасы** параметрін таңдаңыз (Windows XP және Vista жүйесінде **Бастау** түймесін басып, **Басқару тақтасы** параметрін таңдаңыз).
2. **Бағдарламаларды қосу не жою** (Windows Vista жүйесінде **Бағдарламалар және мүмкіндіктер** құралы) түймесін басып, **HP Scanjet N6350** таңдаңыз.
3. **Жою** түймесін басыңыз.
4. USB немесе Ethernet кабелін ажыратыңыз.
5. Сканермен бірге берілетін HP сканерлеу бағдарламалық құралы ықшам дискін қолданып бағдарламалық құралды қайта орнатыңыз. Ықшам дискіні салған кезде, орнату интерфейсі автоматты түрде іске қосылады. Орнатылатын бағдарламалық құралды таңдаңыз.
6. Бағдарламалық құралды орнату кезінде осылай жасау сұралса, USB немесе Ethernet кабелін қайта қосыңыз.

Бөлімдерді де қараңыз

“Кабельдерді тексеру” бетте 40

Сканермен бірге жеткізілген үшінші тарап қолданбаларын орнату ақаулары

Сканермен бірге жеткізілген үшінші тарап қолданбаларының тек қана үш орнатылымы шектеледі. Қосымша лицензияларды сатып алу үшін, www.hp.com торабын қараңыз, сканер үлгісін іздеңіз, өнімнің жалпы шолу бетін табыңыз және одан кейін **Техникалық сипаттамалар** немесе **Керек-жарақтар** қойындысын нұқыңыз.

Сканерді баптау немесе аппараттық құрал ақаулары

Сканер орнатылғаннан кейін жұмыс істемесе немесе сканер дұрыс жұмыс істеуді тоқтатса, келесілердің біріне ұқсас хабарды компьютер экранында көруіңіз мүмкін:

- Сканерді баптау мүмкін емес.
- Сканерді табу мүмкін емес.


- Ішкі қате туындады.
- Компьютер сканермен байланыспайды.

Ақауды жөндеу үшін, келесі бөлімдерде сипатталған сканер кабельдері мен бағдарламалық құралды тексеріңіз:

- USB немесе Ethernet қосылымын тексеру
- Сканерде қуат болуын тексеру
- Сканерді қайта орнату
- Сканердің аппараттық құралын сынақтан өткізу
- Сканер дұрыс жұмыс істеуді тоқтатты
- Қосымша ақауларды жою ақпараты

USB немесе Ethernet қосылымын тексеру

Сканерге физикалық тұрғыда қосылымды тексеріңіз.

 **Түйіспе** USB қосылымын қолданып жатсаңыз, сканерді компьютердің артқы жағындағы USB порты арқылы компьютерге қосыңыз.

- Сканермен бірге берілген USB немесе Ethernet кабелін қолданыңыз. Басқа USB немесе Ethernet кабелі сканермен үйлесімді болмауы мүмкін.
- USB қосылымы: USB кабелі сканер мен компьютер арасында қауіпсіз қосылғанын тексеріңіз.
- Ethernet қосылымы: Ethernet кабелінің сканер мен желі жол жоспарлағышы, Ethernet ұясы немесе Ethernet қосқышы арасында қауіпсіз қосылуын қамтамасыз етіңіз.

Жоғарыдағы элементтерді тексергеннен кейін де ақау сақталса, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Сканердің компьютерге қалай қосылғанына байланысты келесі тапсырмалардың бірін орындаңыз:
 - USB кабелі USB хабына немесе ноутбукке арналған жүктеу станциясына қосылған болса, USB кабелін USB хабынан немесе жүктеу станциясынан ажыратып, USB кабелін компьютердің артқы жағындағы USB портына жалғаңыз.
 - USB кабелі компьютерге тікелей қосылған болса, оны компьютердің артқы жағындағы әр түрлі USB портына жалғаңыз.
 - Компьютерден пернетақта мен тінтуірден басқа барлық USB құрылғыларын ажыратыңыз.
 - Ethernet кабелі желі жол жоспарлағышына қосылған болса, оны жол жоспарлағышындағы басқа портқа қосып көріңіз.
2. Сканерді өшіру үшін **Қуат** түймесін басып, 30 секунд күтіңіз де, сканерді қосыңыз.
3. Компьютерді қайта іске қосыңыз.
4. Компьютер қайта басталған кезде, сканерді қолданып көріңіз.

Сканер жұмыс істесе және 1-қадамдағы компьютерге қосылған жолмен өзгертілсе, байланыс ақаулығы USB хабын, жүктеу станциясын, USB портын немесе USB құрылғысын қатыстыра алады. Сканерді компьютерге компьютердің артқы жағындағы USB порты арқылы тікелей қосылған түрде қалдырыңыз. Әрбір

қосымша USB құрылғыны қайта қосқаннан кейін сканерді қолданып көріңіз және сканердің дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіретін кез келген USB құрылғысын ажыратыңыз.

Сканер дұрыс жұмыс істемесе, HP сканерлеу бағдарламалық құралын қайта орнатыңыз.

Бөлімдерді де қараңыз

“Бағдарламалық құралды жою және қайта орнату” бетте 41

Сканерде қуат болуын тексеру

Қуат кабелі сканер мен қуат розеткасы арасында қосылады.

- Қуат кабелінің сканер мен жұмыс істеп тұрған электр розеткасы арасында қауіпсіз қосылғанын тексеріңіз.
- Қуат кабелі ток күшінің артуынан қорғайтын құралға қосылған болса, ток күшінің артуынан қорғайтын құралдың розеткаға жалғанғанын және қосылғанын тексеріңіз.
- Сканер тақтасындағы **Қуат** түймесінің қосулы болуын қамтамасыз етіңіз; қосулы болса және ешбір қате не назар аудару жағдайлары болмаса, қуаттың ЖШД тұрақты жасыл шаммен жанып тұрады.

Жоғарыдағы элементтерді тексергеннен кейін де ақау сақталса, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Сканерді өшіру үшін **Қуат** түймесін басып, сканерден қуат кабелін ажыратыңыз.
2. 30 секунд күтіңіз.
3. Қуат кабелін сканерге қайта жалғап, сканерді қосыңыз.
30 секундтан кейін қуаттың ЖШД тұрақты жасыл шаммен жанып тұрады және «Назар аударыңыз» жарық шығарғыш диоды өшірулі болады.

Бөлімдерді де қараңыз

- “Негізгі ақаулықтарды жою бойынша кеңестер” бетте 38
- “Сканердің ЖШД-тары” бетте 39
- “Кабельдерді тексеру” бетте 40

Сканерді қайта орнату

Сканерді қолдануға әрекет жасаған кезде **Сканер бапталмады** немесе **Сканер табылмады** параметріне ұқсас қате хабарды алсаңыз, сканерді қайта орнату қажет.

Сканерді қайта орнату үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Ашық болса, HP сканерлеу бағдарламалық құралын жабыңыз.
2. Сканерден USB немесе Ethernet кабелін ажыратыңыз.
3. Компьютерді өшіріп, 60 секунд күтіңіз де, компьютерді қосыңыз.

4. USB немесе Ethernet кабелін қайта қосыңыз.
USB қосылымын қолданып жатсаңыз, осы қадамдарды орындаңыз:
 - a. USB кабелінің сканердің артқы жағына дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
Кабель сканерге дұрыс қосылған кезде USB кабеліндегі үш аша белгішесі жоғары қарап тұрады.
 - b. USB кабелін компьютердің артқы жағындағы басқа USB портына қосып көріңіз.
5. МЗБ/құжатты автоматты түрде беру құралының қауіпсіздік қосылғанын тексеріңіз.

Сканердің аппараттық құралын сынақтан өткізу

Сканерде аппараттық құрал ақауы бар деп ойласаңыз, кабельдердің сканерге, компьютерге және қуат көзіне нық қосылғанын тексеріңіз. Кабельдер дұрыс қосылған болса, сканердің қосылғанын тексеріңіз.

Сканердің аппараттық құралын тексеру үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. USB немесе Ethernet, қуат және МЗБ/құжатты автоматты түрде беру кабельдерін сканерден ажыратыңыз.
2. USB немесе Ethernet, қуат және МЗБ/құжатты автоматты түрде беру кабельдерін сканерге қайта қосыңыз.

Сканерге қосқан кезде, күймеше шамамен 25 мм (1 дюйм) алға және артқы жылжиды және шам қосылады.

Күймеше жылжымайтын болса және сканер шамы қосылмаған болса, ақау сканер аппараттық құралында бар болады.

Бөлімдерді де қараңыз

- “Сканер дұрыс жұмыс істеуді тоқтатты” бетте 44
- “Кабельдерді тексеру” бетте 40
- “USB немесе Ethernet қосылымын тексеру” бетте 42

Сканер дұрыс жұмыс істеуді тоқтатты

Сканер сканерлеуді тоқтатса, келесі қадамдарды ретімен орындаңыз. Әрбір қадамнан кейін келесі қадамды жалғастырыңыз. Ақау жалғасса, келесі қадамды орындаңыз.

1. Кабель босаған болуы мүмкін. USB немесе Ethernet, қуат және МЗБ/құжатты автоматты түрде беру құралы кабельдерінің қауіпсіз қосылуын қамтамасыз етіңіз.
2. Сканерді өшіріп, 60 секунд күтіңіз де, сканерді қосыңыз.
3. Компьютерді қайта іске қосыңыз.

4. Компьютерде бағдарламалық құрал қайшылығы бар. HP сканерлеу бағдарламалық құралын жойып, қайта орнату қажет болуы мүмкін.
 - a. **Бастау** түймесін басып, **Параметрлер** тармағын таңдап, **Басқару тақтасы** параметрін таңдаңыз (Windows XP және Vista жүйесінде **Бастау** түймесін басып, **Басқару тақтасы** параметрін таңдаңыз).
 - b. **Бағдарламаларды қосу не жою** (Windows Vista жүйесінде **Бағдарламалар және мүмкіндіктер** құралы) түймесін басып, **HP Scanjet N6350** таңдаңыз.
 - c. **Жою** түймесін басыңыз.
 - d. **Бағдарламаларды қосу не жою** (Windows Vista жүйесінде **Бағдарламалар және мүмкіндіктер** құралы) түймесін басып, **HP Photosmart** бағдарламалық құралын таңдаңыз.
 - e. **Жою** түймесін басыңыз.
5. Сканермен бірге берілетін HP сканерінің бағдарламалық құрал ықшам дискін қолданып қайта орнатыңыз. Ықшам дискіні салған кезде, орнату интерфейсі автоматты түрде іске қосылады. Орнатылатын бағдарламалық құралды таңдаңыз.

Сканер жұмыс істемесе, www.hp.com/support торабын қараңыз немесе HP тұтынушыларға қолдау орталығымен байланысыңыз.

Қосымша ақауларды жою ақпараты

HP сканерлеу бағдарламалық құралы орнатылған болса, сканермен басқа ақауларды шешу үшін экрандағы анықтаманы қолдануға болады. Анықтама үшін рұқсатты алу мақсатында, HP сканерлеу бағдарламалық құралын бастап, **HP сканерлеуі** таңбашалар тілқатысу терезесі мәзірінде **Анықтама** параметрін таңдаңыз. Анықтама жүйесі сканер аппараттық құралы туралы, сондай-ақ, HP сканерлеу бағдарламалық құралы туралы мәліметтерді береді. Сондай-ақ, анықтаманың жалпы **Ақауларды жою және қолдау** бөлімінде **Сканерлеу ақауларын жою** тақырыбын да қараңыз.

Сканер жұмысының ақаулары

- Сканер қосылмайды
- Сканер шамы қосұлы
- Сканер бірден сканерлеуді бастамайды
- Сканер элементтерді өте баяу сканерлеуде
- Теңшелетін сканерлеу таңбаша атаулары СКД дисплейінде дұрыс көрсетілмейді
- Басып шығарылған беттерде тік ақ жолақтар пайда болады
- Сканерленетін файлдар тым үлкен
- Сканер әйнегінен сканерлеген кезде, суреттің төменгі жағы кесіледі
- Құжаттарды немесе мәтінді (ОТТ) сканерлеу мәселелері

Сканер қосылмайды

Сканер түймелерін басқанда, сканер қосылмаса, мыналарды тексеріңіз:

- Қуат кабелінің сканерден ажыратылмағанын немесе ток көзінен ажыратылмағанын тексеріңіз.
- Сканердің қосылып тұрғанын тексеріңіз.

Бөлімдерді де қараңыз

“Кабельдерді тексеру” бетте 40

Сканер шамы қосұлы

Сканер шамының уақыты аяқталып, енжарлықтың 14 минутынан кейін ол автоматты түрде өшеді.

Сканер шамы енжарлықтың ұзақ мерзімінен кейін қосұлы қалса, сканерді өшіріңіз, 30 секунд күтіңіз және одан кейін сканерді қосыңыз.



Ескертпе Қағаз құжатты автоматты түрде беру құралының кіріс науасында болғанда, **Дереу қыздыру** қосұлы болғанда және **Энергияны үнемдеу** өшірілгенде сканер шамы өшірілмейді.

Сканер бірден сканерлеуді бастамайды

Сканердің қосылып тұрғанын тексеріңіз.

Сканер жаңа ғана қолданылмаса, сканер шамы сканерлеу басталмас бұрын қыздыру мерзімі арқылы өту қажет болуы мүмкін. Сканер шамының қыздырылуы қажет болса, бағдарламалық құралды бастағаннан немесе сканерлеудің басталуы үшін сканер түймесін басқаннан кейін оған біраз уақыт жұмсалады.

HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын параметрінде немесе **Сканерлеу басымдықтары (Құрылғы қойындысы)** параметрін таңдау арқылы **Дереу қыздыру** күйін қосуға болады.

Сканер элементтерді өте баяу сканерлеуде

- Мәтінді өңдеу үшін сканерлесеңіз, оптикалық таңбаларды тану бағдарламалық құралы қалыпты болып табылатын оптикалық таңбаларды танымау үшін ұзағырақ өңдеу уақытын қажет етеді. Элемент сканерленгенше күтіңіз.



Ескертпе Жақсы оптикалық таңбаларды тану нәтижелері үшін сканерді қысу мүмкіндігін ең төменгі қысу деңгейіне қойыңыз немесе ажыратыңыз.

- Қажетті ажыратымдылықтан жоғары деңгейде сканерлеу сканерлеу уақытын арттырады және қосымша пайдасыз үлкен файлды жасайды. Жоғары ажыратымдылықта сканерлесеңіз, сканерлеу жылдамдығын арттыру үшін ажыратымдылықты төмен деңгейге орнатыңыз.

Теңшелетін сканерлеу таңбаша атаулары СКД дисплейінде дұрыс көрсетілмейді

Кейбір тілдерде теңшелетін сканерлеу таңбашалар атауларында белгілі арнайы таңбалардың орнына бос таңдаларды көруге болады. Осы ақауды шешу үшін, теңшелетін таңбашалар үшін қысқарған СКД атауын енгізу үшін ағылшын/негізгі латын таңбаларын қолданыңыз. Балама түрде, қысқарған СКД атауының алдында таңбашаларға анықтама ретінде қолдануға болатын санды қоюға болады.

Басып шығарылған беттерде тік ақ жолақтар пайда болады

Тағайындалған принтерде тонер немесе сия жоқ болуы мүмкін. Файл сияқты сканерленбейтін элементті басып шығарыңыз немесе принтерден басқа орынға сканерлеу үшін бірдей түпнұсқаны сканерлеңіз.

Әлі да ақауды көрсеңіз, құжатты автоматты түрде беру құралын, сканер әйнегін немесе МЗБ құралын тазалаңыз (слайдтарды немесе негативтерді сканерлегенде).

Бөлімдерді де қараңыз

- “Құжатты автоматты түрде беру құралын тазарту” бетте 33
- “Сканер әйнегін тазартыңыз.” бетте 32
- “Мөлдір заттарды бейімдегішті тазалау” бетте 33

Сканерленетін файлдар тым үлкен

Сақталған сканерлерде үлкен файл өлшемдері болса, келесілерді орындап көріңіз:

- Сканерлеу ажыратымдылығының параметрін тексеріңіз:
 - 200 н/д — құжаттарды суреттер ретінде сақтауға тиімді.
 - Өңделетін мәтінді жасау мақсатында оптикалық таңбаларды тануды қолданып көптеген қаріптер үшін, 300 н/д қолдану жеткілікті.
 - Азия қаріптері мен кішкентай қаріптер үшін 400 н/д ұсынылатын ажыратымдылық.

Қажетті ажыратымдылықтан жоғары деңгейде сканерлеу қосымша пайдасыз үлкен файлды жасайды.

- Ақ-қара түсті сканерлеуге қарағанда түрлі түсті сканерлеу үшін үлкен файл жасалады.
- Бірден көп беттерді сканерлесеңіз, көптеген кішкентай файлдарды жасау үшін, бір уақытта азырақ беттерді сканерлеңіз.

Сканер әйнегінен сканерлеген кезде, суреттің төменгі жағы кесіледі

Сканер әйнегінің барлық ұзындығы белсенді сурет аймағында болмайды. Сканер әйнегінен сканерлеген кезде, сканер әйнегінің ұшындағы анықтама таңбасы арқылы көрсетілген түпнұсқаларды орналастырғаныңызды тексеріңіз.

Құжаттарды немесе мәтінді (ОТТ) сканерлеу мәселелері

Сканер беттегі мәтінді компьютерде өңдеуге болатындай мәтінге түрлендіру үшін оптикалық таңбаларды тану (ОТТ) мүмкіндігін қолданады.

- Мәтінді сканерлесеніз, бірақ оны өңдей алмасаңыз, сканерлеу кезінде келесі таңдауларды жасағаныңызды тексеріңіз:
 - HP сканерлеу бағдарламалық құралынан **Құжат** параметрін таңдаңыз.
 - **HP сканерлеуі** таңбашалар тілқатысу терезесінде сөз өңделетін бағдарламаны немесе **Файлға сақтау** пәрменін **Сканерлеу... тармағынан таңдаңыз** **Реттеу** тілқатысу терезесі



Ескертпе **Файлға сақтау** параметрін таңдасаңыз, **Файл түрі** ашылмалы тізімінен мәтін файлы түрін таңдаңыз.

- Сканерленген мәтін дәл түпнұсқада көрсетілгендей компьютерде көрсетілмеуі мүмкін, әсіресе, түпнұсқада анық емес не жағылған мәтін болса. Мысалы, кейбір таңдалардың жоғалуы не дұрыс болмауы мүмкін. Мәтінді өңдеген кезде, сканерленген мәтінді түпнұсқаға сәйкес салыстырыңыз және одан кейін қажет болса, түзетулерді жасаңыз.
- Мәтінді сканерлеу параметрлерін өзгерту үшін, **HP сканерлеуі** таңбашалар тілқатысу терезесінде **Параметрлерді өзгерту...** түймесін басыңыз.
- Сканерді теңшеу кезінде HP сканерлеу бағдарламалық құралын орнатқан кезде, әдепкі бойынша ОТТ бағдарламалық құралы орнатылады. Бағдарламалық құралды орнатқан кезде теңшелетін параметрді қолдансаңыз, ОТТ бағдарламалық құралын орнатпауды таңдауға болады. Әдепкі орнату параметрлерін қолданып бағдарламалық құралды қайта орнатыңыз.

Сканер түймесінің мәселелері

- Түймелер жұмыс істемейді
- Түйме басылғанда, күтпеген бағдарлама ашылады
- Сканерлеу түймесі басылғанда дұрыс емес таңбаша қолданылады.

Түймелер жұмыс істемейді




Әр қадам сайын оның дұрыс жұмыс істеп тұрғанын көру үшін, түймені басыңыз. Ақаулық жойылмаса, келесі қадамды орындаңыз.

1. Кабель босаған болуы мүмкін. USB немесе Ethernet және қуат кабельдерінің қауіпсіз жалғануын қамтамасыз етіңіз.
2. Сканерді өшіріп, 30 секунд күтіңіз де, сканерді қосыңыз.
3. Компьютерді қайта іске қосыңыз.

Ақау сақталса, түймелердің ажыратылған болуы мүмкін. Келесі процедураны орындап көріңіз:

1. **Басқару тақтасын** ашып, **Сканерлер және камералар** тармағын таңдап, тізімнен сканер үлгісін таңдаңыз.
2. Сканер сипаттарын көрсету:
 - **Windows 2000:Сипаттар** түймесін басыңыз.
 - **Windows XP және Vista:** Сканер үлгісін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Сипаттар** тармағын таңдаңыз.
3. Сканер үшін түймелер параметрін тексеріңіз:
 - Windows 2000: **Құрылғы оқиғаларын ажырату** параметрінің таңдалмауын қамтамасыз етіңіз.
 - Windows XP және Vista: **Ешбір әрекетті орындамау** параметрі таңдалмауын қамтамасыз етіңіз.

Түйме басылғанда, күтпеген бағдарлама ашылады

 **Ескертпе** Сканерлеу () және Көшіру () түймесі параметрлерін HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын құралында және **HP сканерлеу** тілқатысу терезесіндегі **Түйме параметрлері** мәзірімен өзгертуге болады. **Болдырмау (X)**, **Реттеу (A)**, **Кері (B)** немесе **Қуат** түймелері үшін параметрлерді өзгертуге болмайды.


Әр қадам сайын оның дұрыс жұмыс істеп тұрғанын көру үшін, түймені басыңыз. Ақаулық жойылмаса, келесі қадамды орындаңыз.

1. HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын параметрінің **Түймелер** қойындысында **Сканердің алдыңғы тақта түймелері** үшін байланыстарды анықтаңыз.
Қажет болса, түймеге тағайындалған бағдарламалық құралды өзгертіңіз.
2. **Бастау** мәзіріне қарау арқылы компьютерде күтпеген бағдарламаның орнатылғанын тексеріңіз.
Қажет болса, бағдарламаны орнатыңыз.

Ақау сақталса, түймелер HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын сыртында тағайындалған болуы мүмкін. Келесі процедураны орындап көріңіз:

1. **Басқару тақтасын** ашып, **Сканерлер және камералар** тармағын таңдап, тізімнен сканер үлгісін таңдаңыз.
2. Сканер сипаттарын көрсету:
 - **Windows 2000:Сипаттар** түймесін басыңыз.
 - **Windows XP және Vista:** Сканер үлгісін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Сипаттар** тармағын таңдаңыз.
3. **Осы бағдарламаны бастау** параметрінің таңдалғанын және дұрыс қолданбаның ашылмалы тізімде таңдалғанын тексеріңіз.

Сканерлеу түймесі басылғанда дұрыс емес таңбаша қолданылады.

HP сканерлеу бағдарламалық құралы қолданылғанда, **Сканерлеу** () түймесіне тағайындалған сканерлеу таңбашасын өзгертуге болады.

Сканерлеу таңбашаларын **Сканерлеу** (☞) түймесіне тағайындау бойынша мәліметтерді сканердің бағдарламалық құрал анықтамасынан қараңыз.

Құжатты автоматты түрде жүктеу құралының ақаулары

Құжатты автоматты түрде беру құралынан сканерлеген кезде, мәселелерді шешуге көмектесу үшін осы бөлімді қолданыңыз.

Қағаз кептелістері әдетте құжатты автоматты түрде беру құралына сәйкес емес қағазды беру нәтижесінде орын алады. Құжатты автоматты түрде беру құралын қолдану бойынша кеңестерді қарап шығыңыз. Дұрыс бермеу жиі туындайтын болса, құжатты автоматты түрде беру құралын жөндеңіз.

Осы бөлімде келесі тақырыптар бар:

- Сканерленген сурет жағылған
- Сканерленген суреттерде жолақтар немесе таңбалар бар
- Сканер екі жақты беттің тек бір жағын сканерлейді
- Сканерленген беттер сканер тағайындауында ретсіз болады
- Сканерленген беттер сканерлеу тағайындалған жерде жоқ
- Сурет толығымен қара немесе толығымен ақ
- Сканерленген суреттер тұра емес
- Құжатты автоматты түрде беру құралынан қағаз кептелісін тазалау
- Құжатты автоматты түрде беру құралы қағазды бермейді
- Сканерленген суреттің төменгі жағы кесілген

Бөлімдерді де қараңыз

- “Құжаттарды жүктеу жолы” бетте 12
- “Күтім көрсету және жөндеу” бетте 32

Сканерленген сурет жағылған

Құжатты автоматты түрде беру құралымен сканерлеген кезде, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Құжат түпнұсқасының жағылған еместігін тексеріңіз.
2. Сканердің қағаз жолындағы кептелістерді тексеріңіз және қағаз бағыттауыштарының сәйкесінше қойылғанын тексеріңіз. Басқа сканерлеу әрекетін орындап көріңіз.
3. Сканерленген сурет әлі де нашар сапалы болса, құжатты автоматты түрде беру құралын тазалаңыз.

Сканер әйнегінен сканерлеген кезде, осы қадамдарды орындаңыз:

1. Құжат түпнұсқасының жағылған еместігін тексеріңіз.
2. Элементтің сканер әйнегімен толық байланыста болуын тексеріңіз.
3. Сканерленген сурет әлі де нашар сапалы болса, сканер әйнегін тазалаңыз.

Мөлдір заттарды бейімдегіштен сканерлеген кезде, осы қадамдарды орындаңыз.

1. Слайдтың не негативтің зақымдалмағанын не лас еместігін тексеріңіз.
2. Слайдтың не негативтің ұстау құралында дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. Басқа сканерлеу әрекетін орындап көріңіз.
3. Сканерленген сурет әлі де нашар сапалы болса, мөлдір заттарды бейімдегішті тазалаңыз.

Бөлімдерді де қараңыз

- “Құжатты автоматты түрде беру құралын тазарту” бетте 33
- “Сканер әйнегін тазартыңыз.” бетте 32
- “Мөлдір заттарды бейімдегішті тазалау” бетте 33

Сканерленген суреттерде жолақтар немесе таңбалар бар

Құжатты автоматты түрде беру құралымен сканерлеген кезде, төмендегі қадамдарды орындаңыз. Әрбір қадамнан кейін жолақтардың немесе таңбалардың әлі де бар болуын қарау үшін басқасын сканерлеп көріңіз. Осылай болса, келесі қадамды орындап көріңіз.

1. Түпнұсқалардың таза әрі мыжылмағанын тексеріңіз.
2. Құжатты беру құралын немесе сканер әйнегін тазалаңыз.
3. Бөлгіш тіректі және беру шығыршығын ауыстырыңыз.

Бөлімдерді де қараңыз

- “Құжатты автоматты түрде беру құралын тазарту” бетте 33
- “Сканер әйнегін тазартыңыз.” бетте 32
- “Беру шығыршығы мен бөлгіш тіректі ауыстыру” бетте 36

Сканер екі жақты беттің тек бір жағын сканерлейді

- Екі жақты беттерді құжатты автоматты түрде беру құралы арқылы сканерлеңіз.
- Сканерлеу таңбашасына арналған **Қосымша құжат параметрлерінде Екі жағын да беру құралынан сканерлеу** пәрменін таңдаңыз.

Сканерленген беттер сканер тағайындауында ретсіз болады

- Құжатты автоматты түрде беру құралына салмас бұрын, түпнұсқа құжатының бет ретінің дұрыстығын тексеріңіз.
- Беттердің дұрыс берілмеуін туғызуы мүмкін қапсырмалардың, қағаз қыстырғыштарының немесе кез келген басқа тіркелген заттың (жабысқақ жазбалар сияқты) болмауын тексеріңіз.
- Беттердің бір-біріне жабыстырылмағанын тексеріңіз.

Бөлімдерді де қараңыз

“Құжатты жүктеу бойынша кеңестер” бетте 10

“Құжаттарды жүктеу жолы” бетте 12

Сканерленген беттер сканерлеу тағайындалған жерде жоқ

Құжатты автоматты түрде беру құралымен сканерлеген кезде бір-біріне жабысқан беттер бір элемент ретінде сканерленеді. Жасырын беттер сканерленбейді.

Беттердің бір-біріне жабысу мүмкіндігін азайту үшін, құжатты автоматты түрде беру құралына құжатты салмас бұрын бірнеше бетті құжаттағы беттерді желдетіңіз.

Сурет толығымен қара немесе толығымен ақ

Құжатты автоматты түрде беру құралында беттердің басып шығарылатын беттері жоғары қарап тұрғанын тексеріңіз.

Сканер әйнегінен сканерлеген кезде, элемент сканер әйнегіне дұрыс салынбаған болуы мүмкін. Сканерлеуге әрекет жасалып жатқан элементтің әйнекке беті төмен қаратып салынғанын және қақпақтың жабық болуын тексеріңіз.

Бөлімдерді де қараңыз

“Түпнұсқаларды жүктеу” бетте 10

Сканерленген суреттер тура емес

Құжатты автоматты түрде беру құралымен сканерлеген кезде, қағаз бағыттауыштарының түпнұсқа ұштарына тиетінін тексеріңіз. Барлық құжаттардың бірдей енде болуын тексеріңіз.

Сканер әйнегінен сканерлеген кезде, қақпақ жабылғанда элементтің қозғалып кетуі мүмкін. Сканер әйнегінде түпнұсқаны түзетіп, қайтадан сканерлеңіз.

Бөлімдерді де қараңыз

“Сканерленген суреттерді автоматты түрде түзету” бетте 30


Құжатты автоматты түрде беру құралынан қағаз кептелісін тазалау

Құжатты автоматты түрде беру құралынан кептелісті тазалау үшін осы қадамдарды орындаңыз:

1. Құжатты автоматты түрде беру құралының кіріс науасынан бос беттерді алып тастаңыз.
2. Құжатты автоматты түрде беру құралының кіріс есігін (1) және құжатты беру құралының ішіндегі шығыршық қақпағын (2) ашыңыз.



3. Құжатты автоматты түрде беру құралынан кептелген беттерді алыңыз.



4. Құжатты автоматты түрде беру құралының шығыс наусынан кептелген беттерді алып тастаңыз.




5. Құжатты автоматты түрде беру құралының шығыршық қақпағын және кіріс есігін жабыңыз.
6. Сканерленетін орында толығымен сканерлеу үшін соңғы бетті анықтау мақсатында сканерлеу нәтижесін тексеріңіз.
7. Сканерленбеген беттерді құжатты автоматты түрде беру құралының кіріс наусына қайта жүктеңіз. Кез келген бет зақымдалған болса төмендегі әрекеттердің бірін орындаңыз:
- Зақымдалған бетті сканер әйнегінен сканерлеңіз.
 - Түпнұсқа құжатты қайта басып шығарыңыз.

Буманы келесі түрде дайындаңыз:

- a. Қағаздардың бір-біріне жабыспағанын қамтамасыз ету үшін, құжат беттерінің бумасын желдетіңіз. Беру құралына бағыттайтын ұшын бір бағытта желдетіңіз және одан кейін қарсы бағытта екінші ұшын желдетіңіз.



- b. Буманың төменгі жағын үстелдің жоғарғы жағына соғу арқылы құжаттардың ұштарын туралаңыз. Буманы 90 градусқа бұрып, қайталаңыз.



8. Сканерлеуді қалпына келтіріңіз.

Құжатты автоматты түрде беру құралы қағазды бермейді

- Құжатты автоматты түрде беру құралының кіріс есігі қауіпсіз жабылмаған болуы мүмкін. Құжатты автоматты түрде беру құралының кіріс есігін ашып, есікті жайлап басу арқылы жабыңыз.
- Құжатты автоматты түрде беру құралының аппараттық құралына қатысты ақаулар болуы мүмкін. Құжатты автоматты түрде беру құралын сынақтан өткізу үшін, келесі процедураны қолданыңыз:
 - USB немесе Ethernet кабелі мен қуат кабелін сканерден ажыратыңыз. Қуат кабелінің әлі қуат көзіне қосулы екенін тексеріңіз.
 - Құжатты беру құралының ішінде кемінде бір бет қағаздың болуын қамтамасыз етіңіз.
 - Кабельдерді сканерге қайта жалғап, сканерді қосыңыз.
 - Құжатты беру құралы арқылы басқа бетті сканерлеп көріңіз.

Сканерленген суреттің төменгі жағы кесілген

Әдепкі бойынша, сканер 356 мм (14 дюйм) ұзындығына дейінгі бетті сканерлей алады. Ұзын беттер үшін құжаттың соңғы жағы сканерленген элементке кірмейді. Сканерлеу бағдарламалық құралында тиісті бет өлшемі көрсетілгенін тексеріңіз.

Слайдтар, негативтер және МЗБ мәселелері

МЗБ құралын қолданып сканерленетін 35 мм слайдтар немесе 35 мм негативтер мәселелерін шешуге көмектесу үшін осы бөлімді пайдаланыңыз.

- Суретті үлкейту мүмкін емес
- Дұрыс емес түстер басып шығарылады немесе сурет тым ашық не қоңыр
- Сканерленген суреттер қоңыр
- Мөлдір заттарды бейімдегіш мүлдем жұмыс істемейді
- Слайдтарды немесе негативтерді сканерлеу таңбашасын таңдағаннан кейін МЗБ құралында ешбір шам көрінбейді немесе тек қана күңгірт шам көрінеді

Суретті үлкейту мүмкін емес

Ақырғы сканерленген суреттің өлшемін өзгерту үшін **Қайта өлшеу** параметрін қолданыңыз. Қосымша ақпаратты алу үшін экрандағы анықтамада **Индекс**

қойындысына өтіңіз. Кілт сөзде **қайта өлшеу** деп теріңіз және **сканерленген суреттерді** таңдаңыз.

Дұрыс емес түстер басып шығарылады немесе сурет тым ашық не қоңыр

- Бағдарламалық құрал бір слайдтың не негативтің орнына бүкіл аймақ үшін көрсетуге орнатылған болуы мүмкін. Сканерленетін сурет аймағын көрмейінше ұстау құралдарын таңдау аймағы бойынша таңдаңыз және сүйреп апарыңыз.
- Мөлдір медиа құралы түрі (слайдтар не негативтер) үшін сәйкес сканерлеу таңбашасын қолданып жатқаныңызды тексеріңіз.

Сканерленген суреттер қоңыр

- **Сканерлеу** немесе **Дайын** түймесін баспас бұрын МЗБ шамының қосулы екенін тексеріңіз.
- МЗБ шам көзіндегі шам сынған немесе жұмыс істеуі мүмкін. Шам сынған, қызмет қажет.
- Таңдалған аймақтың дұрыс болмауы мүмкін. Жиектерсіз тек суретті қамтитын таңдау аймағын жасаңыз.

Мөлдір заттарды бейімдегіш мүлдем жұмыс істемейді

Кабельдің дұрыс қосылмаған болуы мүмкін. МЗБ/құжатты автоматты түрде беру құралы кабелінің сканердің артқы жағындағы МЗБ портына қауіпсіз жалғағанын тексеріңіз.

Слайдтарды немесе негативтерді сканерлеу таңбашасын таңдағаннан кейін МЗБ құралында ешбір шам көрінбейді немесе тек қана күңгірт шам көрінеді

Әрбір қадамнан кейін келесі қадамды жалғастырыңыз. Олай болмаса, келесі қадамды орындаңыз.

1. МЗБ құралының сканерге қосылғанын тексеріңіз.
2. МЗБ құралында шамның дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. **Сканерлеу** (👉) түймесін басып, жарықтануды қараңыз. Шам сынған, қызмет қажет.
3. МЗБ құралын қыздыру қажет болуы мүмкін. Шамның қосылғанын қарау үшін бірнеше секунд күтіңіз. Ең жақсы сканерлеу сапасы үшін МЗБ шамының қыздырылуына кемінде 30 секунд уақыт беріңіз.

Желі ақаулары

Желі ақауларын шешу үшін келесі мәліметтерді қолданыңыз. Әрбір элементтер жинағын түзегеннен кейін, орнату бағдарламасын қайтадан іске қосыңыз.

- Жалпы желі ақаулықтарын шешу
- Желі күйін тексеру
- Сымды желіге қосылу ақаулары

Жалпы желі ақаулықтарын шешу

- Құрылғының бағдарламалық құралын орнату мүмкін болмаса, келесіні тексеріңіз:
 - Компьютер мен құрылғыға арналған барлық кабель байланыстары қауіпсіз.
 - Желі дұрыс жұмыс істеп тұр және желінің жол жоспарлағышы қосылды.
 - Вирустан қорғау бағдарламаларын, шпиондық қорғаныс бағдарламаларын және желіаралық қалқандарды қамтитын барлық қолданбалар Windows амалдық жүйесінде қосылған компьютерлер үшін жабық немесе ажыратылған.
 - Құрылғының құрылғыны пайдаланатын компьютерлер сияқты бірдей ішкі желіде орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Дұрыс сканерге қосылғаныңызды тексеріңіз.
 - Сканердің сериялық нөмірін тексеріңіз. **Реттеу** (🔧) түймесін басып, **Желіні** таңдау үшін ▼ нұқыңыз да, **ОК** түймесін басыңыз, **Қарау параметрлерін** таңдау үшін ▼ басып, **ОК** түймесін басыңыз және одан кейін **Сериялық нөмірге** төмен айналдыру үшін ▼ қолданыңыз.
 - HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын бастаңыз.
 - **Желі** қойындысын нұқып, **Сканерді қосу** түймесін басыңыз да, экрандағы нұсқауларды орындаңыз; сериялық нөмірі расталған сериялық нөмірге сәйкес келетін сканерді таңдағаныңызды тексеріңіз.

Бөлімдерді де қараңыз

“Желі параметрлерін қарау” бетте 25

“IP мекенжайын өзгерту” бетте 26

Желі күйін тексеру

Желі сканерін сканерлеу мүмкін болмаса, HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын қолданып желі күйін тексеріңіз.

1. Жұмыс үстеліндегі HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын белгішесін екі рет басыңыз.
2. Сұралса, қалаған HP Scanjet N6350 сканерді бөлектеп, **ОК** түймесін басыңыз.
3. **Желі** қойындысын нұқыңыз.
4. **Тексеру түйі** түймесін басыңыз.

Сымды желіге қосылу ақаулары

- Желіні қосқыштағы сілтеме шамы қосылған болса, осы тараудағы **Негізгі ақауларды жою бойынша кеңестер** бөлімінің астында тізімделген элементтерді аяқтағаныңызды тексеріңіз.
- Статикалық IP мекенжайы бар құрылғыны тағайындау ұсынылмаса да, солай істеу арқылы кейбір (жеке желіаралық қорғау құрылғысындағы қайшылық сияқты) орнату ақауларын жоюға болады.

Бөлімдерді де қараңыз

“Негізгі ақаулықтарды жою бойынша кеңестер” бетте 38

Қосымша ақауларды жою ақпараты

Қосымша ақауларды жою мәліметтерін келесі ресурстардан қараңыз:

- Сканер туралы жаңартылған мәліметтерді www.hp.com/support торабынан қараңыз.
 - Елді/аймақты таңдап, тілді таңдаңыз.
 - Сканердің үлгі нөмірін енгізіп, **Enter** пернесін басыңыз.
- Интернетке қатынас болмаса, HP қолдау қызметімен байланысу туралы мәліметтерді басып шығарылған жұмысқа кіріскенде нұсқаулығындағы көмек алу бойынша ақпараттан қараңыз.

6 Өнімді қолдау

HP өнімінен ең жақсы нәтижелерді алу үшін, келесі HP қолдау ұсыныстарымен кеңесіңіз:

1. Принтермен бірге берілген өнім құжатын қараңыз.
 - Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы ақауларды жою бөлімін қарап шығыңыз.
 - Сканердің бағдарламалық құрал анықтамасын қарап шығыңыз (**Бастау** параметрін таңдап, меңзерді **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламалар, HP, Scanjet, N6350, Пайдаланушы нұсқаулығы** тармақтарына апарып, қалаған пішімді таңдаңыз).
2. HP желіде қолдау қызметін www.hp.com/support торабынан қараңыз немесе сатып алған орынмен байланысыңыз.

HP компаниясының онлайн қолдау қызметі барлық HP өнімін тұтынушылар үшін қол жетімді. Бұл жаңартылған өнім ақпаратына арналған ең жылдам көз және маман көмегі мына мүмкіндіктерді қамтиды:

 - Кәсіби онлайн қолдау мамандарына арналған онлайн сөйлесу және электрондық поштаға қатынас
 - Өнімге арналған бағдарламалық құрал, микробағдарлама және драйвер жаңартулары
 - Техникалық мәселелерге арналған маңызды өнім және ақауларды жою
 - Белсенді өнім жаңартулары, қолдау көрсету ескертулері және HP жаршылары (өнімді тіркеген кезде қол жетімді)
3. HP компаниясының телефонмен қолдау қызметі
 - Қолдау көрсету мүмкіндіктері мен төлемдер өнім, ел/аймақ және тіл бойынша әр түрлі болады.
 - Төлемдер мен саясаттар ескертусіз өзгертіледі. Соңғы ақпаратты www.hp.com/support торабынан қараңыз.
4. Бұрынғы кепілдеме мерзімі
Шектеулі кепілдеме мерзімінен кейін анықтама желідегі www.hp.com/support торабында қол жетімді болады.
5. Кепілдемені ұзарту не жаңарту
Өнімнің кепілдемесін ұзартуды не жаңартуды қаласаңыз, сатып алынған орынмен байланысыңыз немесе www.hp.com/support мекенжайындағы HP күтім бумасы қызметтерін қараңыз.
6. HP күтім бумасы қызметін бұрын сатып алған болсаңыз, келісімшарттағы қолдау жағдайларын тексеріңіз.

Индекс

Таңбалар/Сандар

«Назар аударыңыз» жарық шығарғыш диоды 39

А

ақауларды жою

Ethernet қосылымы 42

USB қосылымы 42

ақ сканерлеу 52

ақ сызықтар 47

бет реті 51

беттер жоқ 52

бүгілген суреттер 52

екі жақты сканерлеу 51

жағылған суреттер 50

желі 55

жолақтар 51

ЖШД-тар 39

жылдамдық 46

кабельдер 40

қара сканерлеу 52

қиылған суреттер 54

қуат 46

қуатты тексеру 43

Құжатты автоматты түрде

беру құралы 50

Құжатты автоматты түрде

беру құралына салу

54

МЗБ 54

негативтер 54

негізгі кеңестер 38

орнату 40

сканер 44

сканер әйнегі 47

сканерді қайта орнату 43

сканердің аппараттық

құралын сынақтан

өткізу 44

сканерлеу таңбашасының

атаулары 47

Сканерлеу түймесі 49

слайдтар 54

Сұйық кристалды

дисплей 47

теңшелетін сканерлеу

таңбашасының

атаулары 47

төменгі жағы кесіледі 47

түймелер 48

үлкен сканерленетін

файлдар 47

шам қосулы 46

ақ жолақтар

ақауларды жою 47

ақ сканерлеу, ақауларды

жою 52

аппараттық құрал сынағы 44

Ә

Әдепкі параметрлерді

қалпына келтіру 10

әйнек, таза 32

Б

бағдарламалық құрал

жою 41

орнату ақауларын жою

40

сканерленетін орын 18

бағдарламалық құралды

жою 41

бағдарламалық құралды

орнату

ақауларды жою 40

байланыс жылдамдығы 26

байланыс жылдамдығын

орнату 26

басқару тақтасы, сканер 7

беру шығыршығы

ауыстыру 36

беру шығыршығын

ауыстыру 36

бет бағдары 29

беттер

ақауларды жою 52

ретсіз 51

беттерді бұру 29

Болдырмау түймесі 7

бос беттер 30

бос беттерді алып тастау 30

бөлгіш тірек

ауыстыру 36

бөлгіш тіректі ауыстыру 36

бөліктер, тапсырыс беру 36,

37

бүгілген суреттер, ақауларды

жою 52

В

Веб-тораптар

ауыстыру бөліктері 36

жөндеу жабдықтарына

тапсырыс беру 37

Е

екі жақты сканерлеу

ақауларды жою 51

Енгізілген веб-сервер

бастау 27

параметрлер 28

талаптар 27

Ж

жабдықтар, жөндеу 37

жағылған суреттер,

ақауларды жою 50

желі ақаулары

сымды желіге қосылу 56

Желі мәзірі 10

желі параметрлері 24

желі параметрлерін қарау

24

желі параметрлерін өзгерту

24

жоқ суреттің төменгі жағы 47

жолақтар, ақауларды жою

47, 51

жөндеу жабдықтарына

тапсырыс беру 37

ЖШД-тар 39

жылдамдық

ақауларды жою 46

- К**
кабельдер
ақауларды жою 40
кептелістер, құжатты
автоматты түрде беру
құралы 52
кептелістерді тазалау,
құжатты автоматты түрде
беру құралы 52
кепілдік
ұзартылған 58
Кері түймесі 8
көрсеткіш шамдар 39
көшірме 19
Көшіру түймесі 8, 19
күй шамдары 39
күтім
HP сканері құралдарының
қызметтік
бағдарламасынЖөндеу
қойындысы 35
беру шығыршығын
ауыстыру 36
бөлгіш тіректі ауыстыру
36
Құжатты автоматты түрде
беру құралын тазалау
33
МЗБ тазалау 33
сканер өйнегін тазарту
32
Күтім бумасы қызметтері 58
- Қ**
қара сканерлеу, ақауларды
жою 52
қолдау 57, 58
қосу, ақауларды жою 46
Қуат күйі, орнату 9
Қуат түймесі 7
қуатты қосу, ақауларды
жою 46
қуаттың берілуі
кабель ақауларын жою
40
Қуаттың ЖШД 39
Құжатты автоматты түрде
беру құралы
беру, ақауларды жою 54
жолақтар, ақауларды
жою 51
кептелістерді тазалау 52
күтім 33
- қағазды жүктеу 10
қиылған суреттер 54
тазалау 33
құжатты автоматты түрде
беру құралы 8
құжатты беру құралы. *Көріңіз*
Құжатты автоматты түрде
беру құралы
- М**
мәселелерді шешу 38
мәтін, өңделетін
ақауларды жою 48
МЗБ
ақауларды жою 54
жүктеу 15
Сканерлеу туралы
кеңестер 16
тазалау 33
МЗД/құжатты автоматты
түрде беру құралының
кабелі
ақауларды жою 40
мөлдір заттарды бейімдегіш
(МЗБ)
ақауларды жою 54
жүктеу 15
тазалау 33
мүмкіндіктер
бетті бұру 29
бос беттерді алып
тастау 30
сканер аппараттық
құралы 6
сканерленген суреттерді
түзету 30
сканерлеу 29
сканерлеу
таңбашалары 29
түсті іздеу 30
- Н**
негативтер
ақауларды жою 54
жүктеу 15
Сканерлеу туралы
кеңестер 16
- О**
орнату
Қуат күйі 9
тіл 9
- ОТТ
ақауларды жою 48
- Ө**
өнімді қолдау 58
өңделетін мәтін
ақауларды жою 48
- П**
пайдалы сканерлеу
мүмкіндіктері 29
пленка
ақауларды жою 54
жүктеу 15
Сканерлеу туралы
кеңестер 16
- Р**
Реттеу түймесі 8
- С**
сканер
ақауларды жою 38, 44
аппараттық құрал
сынағы 44
басқару тақтасы 7
ЖШД-тар 39
қайта орнату 43
құжатты автоматты түрде
беру құралы 8
мөлдір заттарды
бейімдегіш 8
мүмкіндіктер 6
параметрлер 8
тақта түймелері 7
шам, ақауларды жою 46
сканер өйнегі
тазалау 32
түпнұсқаны салу 13
сканерді басқару
HP сканері құралдарының
қызметтік
бағдарламасын
қолдану 24
Енгізілген веб-серверді
қолдану 27
сканерді басқару және
өкімшілік ету
HP сканері құралдарының
қызметтік
бағдарламасын
қолдану 24

Индекс

Енгізілген веб-серверді қолдану 27
Желі мәзірін қолдану 24
сканерді қайта орнату 43
сканердің аппараттық құралын сынақтан өткізу 44
Сканер құралдарының қызметтік бағдарламасы 24
сканерленген суреттерді түзету 30
сканерлеу
HP сканерлеу бағдарламалық құралынан 18
WIA немесе TWAIN бағдарламалық құралынан 18
бастау 16
тек түймені бір рет басып 31
файлдар тым үлкен 47
сканерлеу мүмкіндіктері 29
сканерлеу таңбашалары ақауларды жою 49
Сканерлеу түймесі ақауларды жою 49
сканерленетін орын 16
слайдтар ақауларды жою 54
жүктеу 15
Сканерлеу туралы кеңестер 16
сурет, төменгі жағы кесіледі 47
суреттерді қиып алу, ақаулықтарды жою 54
суреттің жоқ төменгі бөлігі 47
Сұйық кристалды дисплей сканерлеу таңбашасының атаулары 47
сызықтар ақауларды жою 47

Т
тазалау
Құжатты автоматты түрде беру құралы 33
МЗБ 33
сканер өйнегі 32

талаптар, енгізілген веб-сервер 27
тапсырыс беру беру шығыршығын ауыстыру 36
бөлгіш тіректі ауыстыру 36
таңбашалар 29
техникалық қолдау 57
тұтынушыларды қолдау 57
түймелер ақауларды жою 48
сканер басқару тақтасы 7
түсті іздеу 30
тік ақ жолақтар ақауларды жою 47
тіл, орнату 9

Ш

шам, сканер 46
шамдар 39

Ы

Ықшам дискілер, бағдарламалық құрал орнату 22

Н

HP сканерлеуі, бастау 4
HP Photosmart бағдарламалық құралы орнату 22
HP көшірмесі, бастау 4
HP күтім бумасы қызметтері 58
HP сканерлеу бағдарламалық құралы жою 41
сканерленетін орын 18
туралы 4
HP сканері құралдарының қызметтік бағдарламасын Жөндеу қойындысы 35

І

IP мекенжайы 26
IP мекенжайын өзгерту 26

О

ОК/Таңдау түймесі: 7

Т

TWAIN
сканерленетін орын 18

U

USB кабелі ақауларды жою 40

W

WIA
сканерленетін орын 18

